

2008 жылға арналған Алматы қаласы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының VI сессиясының 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 59 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2007 жылғы 25 желтоқсанда N 762 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 161 шешімімен

Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2008.12.22 N 161 шешімімен

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су Кодексінің 38 бабының 5 тармақшасына және 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 454 бабының 1 тармағына сәйкес IV сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Алматы қаласы бойынша 2008 жылға арналған жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау экология, денсаулық және төтенше жағдайлар мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Т.Ә. Измұхамбетов) және Алматы қаласы әкімінің орынбасары В.Л.Крыловқа жүктелсін.

3. Осы шешім 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*IV сайланған Алматы
қаласының мәслихаты*

VI сессиясының төрағасы

*IV сайланған Алматы
қаласы мәслихатының*

хатшысы

IV сайланған Алматы қаласы
мәслихаты VI сессиясының
2007 жылғы 12 желтоқсандағы

N 59 шешіміне қосымша

Алматы қаласы бойынша 2008 жылға арналған жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары

Арнайы су пайдалану түрі	Тұрғын-үй, пайдалану және коммуналдық қызмет, тиын/текше метр	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қосқанда, тиын/текше метр	Ауыл шаруашылығы тиын/текше метр	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған су шаруашылықтары, тиын/текше метр
өзендер, көлдер, теңіздер, алқаптары	1	2	3	4
Балқаш көлінің және өзендердің алабтары	4,23	11,6	3,35	3,18

Кестенің жалғасы

Арнайы су пайдалану түрі	Балық шаруашылығы, су көздерінен балық аулайтын тұтынушылар, тенге/тонна	Гидро-энергетика тиын / квт. сағат	Су көлігі тиын / мың ш.шақырым
өзендер, көлдер, теңіздер, алқаптар	5	6	7
Балқаш көлінің және өзендердің алабтары	77,64	1,24	0,36